

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 қарашадағы N 1025 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бақылау, ұйымдастыру-кадр жұмысы және атқаруды қамтамасыз ету басқармасы" мемлекеттік мекемесі таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі N 589 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*